

Республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын ұйымдардағы бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті 1999 жылғы 25 мамыр N 238. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 4 тамыздағы № 395 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.08.04 № 395 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Б ұ й ы р а м ы н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 30 V980489_ бұйрығымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын ұйымдардағы бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Т ө р а й ы м

**Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Қазынашылық комитетінің
1999 жылғы 25 мамыр N 238
бұйрығымен бекітілген**

Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттары есебінен ұсталатын ұйымдардағы бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 30 V980489_ бұйрығымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттары есебінен ұсталатын ұйымдардағы бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулыққа мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

1. Нұсқаулықтың атауындағы "Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттары есебінен ұсталатын ұйымдардағы" деген сөздер "Мемлекеттік мекемелердегі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "Республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ жекелеген мемлекеттік мекемелердің жанындағы орталықтандырылған бухгалтериялар осы Нұсқаулыққа сәйкес бюджет бойынша шығыстар сметасының және ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын қаражаттар бойынша кірістер мен шығыстар сметасының орындалу, демеушілік және қайырымдылық көмек үшін мемлекеттік мекемелердің шоттарына, депозиттік шоттарға түскен ақшалай сомалардың есебін жүзеге асырады."

3. 2-тармақтағы "және бюджеттен тыс қаражаттар" деген сөздер "ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын қаражаттар бойынша кірістер мен шығыстар сметасы, демеушілік және қайырымдылық көмек үшін мемлекеттік мекемелердің шоттарына, депозиттік шоттарға түскен ақшалай сомалар" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 3-тармақтағы "Министрліктер, мемлекеттік комитеттер және Қазақстан Республикасы өзге орталық өкілдік және жергілікті органдары" деген сөздер "Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері" деген сөздермен ауыстырылсын, "бюджеттік ұйымдарында" деген сөздер "мемлекеттік мекемелердегі" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. Бұдан әрі нұсқаулықтың барлық мәтіні бойынша және оған қосымшалардағы "бюджеттік ұйымдар", "ұйымдар" деген сөздер ауыстырылатын сөздердің септеулері мен жекеше және көпше түрлеріне тиісінше "мемлекеттік мекемелер" деген сөздермен ауыстырылсын, N 6 мемориалдық ордердің атауы "Түрлі ұйымдармен есеп айырысу бойынша және аванстық төлем тәртібінде жинақтаушы ведомость" 408-нысаны бұған кірмейді.

6. Нұсқаулықтың барлық мәтіні бойынша "министрлік (ведомство)" деген сөздер ауыстырылатын сөздердің септеулері мен жекеше және көпше түрлеріне тиісінше "республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. 10-тармақтың бесінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:
"кірістер мен шығыстарды ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын қаражаттардың сметалары бойынша есепке алу және операцияларды демеушілік және қайырымдылық көмек, депозиттік сомалар түрінде алынған қаражаттар бойынша есепке алу".

8. 20-тармақта:

1) N 3 мемориалдық ордердің атауындағы "бюджеттен тыс" деген сөздер "арнаулы және валюталық" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) N 7 мемориалдық ордердің атауындағы "жоспарлы" деген сөз "аванстық" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) N 14 мемориалдық ордердің атауындағы "Арнаулы табыстар бойынша табыстарға" деген сөздер "Ақылы қызмет көрсетуді сатудан түсетін кірістерді" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. 31-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері:

бухгалтерлік жылдық, тоқсандық есептілікті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген мерзімде және тәртіппен жасауға және тапсыруға;

бухгалтерлік есепті жүргізудің әдістемесін және жалпы әдістемелік принциптерді сақтай отырып, өз жүйесінің мемлекеттің мекемелерінде есептілікті жасауды жүзуге асыруға;

төмен тұрған органдардың қаржылық-бухгалтерлік қызметінің есепке алу жүйесін қамтамасыз етуге, оларға жүктелген функциялардың орындалуына жүйелі бақылау жасауды қамтамасыз етуге;

төмен тұрған органдардың қаржылық-бухгалтерлік қызметтері мамандарының біліктілігін арттыру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге міндетті".

10. 32-тармақта Бюджеттік ұйымдарға арналған шығыстар сметасы орындалуының бухгалтерлік есебі шоттарының жоспарында:

1) шоттар жоспарының 3-бағанының атауындағы "шоттың" деген сөз "қосалқы шоттың" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мынадай қосалқы шоттар алып тасталсын:

II бөлімде. Материалдық қорлар:

"Жабдықтар, құрылыс материалдары және ғылыми зерттеулерге арналған материалдар" 04 шоты бойынша "Шаруашылық шартындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын арналған арнайы жабдықтар" 044 қосалқы шоты;

IV бөлімде. Өндіріске және басқа мақсаттарға арналған шығындар:

"Өндіріске және басқа мақсаттарға арналған шығындар" 08 шоты бойынша "Шарттар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған шығындар" 082 қосалқы шоты;

V бөлімде. Ақшалай қаржылар:

"Сыртқы заемдар мен бірлесіп қаржыландыру бойынша бюджеттен тыс, валюталық және арнаулы шоттар" 11 шоты бойынша "Әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаттары есебінен зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеуге арналған шот" 116 қосалқы шоты;

VII бөлімде. Есеп айырысу:

"Атқарылған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін берермендермен, мердігерлермен және тапсырысшылармен есеп айырысу" 15 шоты бойынша "

Ақы төленетін ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша тапсырысшылармен есеп айырысу" 154 қосалқы шоты, "Ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін аванстар бойынша тапсырысшылармен есеп айырысу" 155 қосалқы шоты, "Шаруашылық шарттарының жұмыстарын орындау үшін тартылған қосалқы орындаушылармен есеп айырысу" 156 қосалқы шоты;

"Зейнеткерлік және әлеуметтік қамтамасыз ету жөніндегі есеп айырысу" 19 шоты бойынша "Халықты жұмыспен қамту қорымен есеп айырысу" 199 қосалқы шоты ;

VIII бөлімде. Шығыстар:

"Бюджет бойынша шығыстар" 20 шоты бойынша "Әлеуметтік сақтандыру қоры қаржылары есебінен жәрдемақылар төлеуге арналған шығыстар" 206 қосалқы шоты ;

"Өзге шығыстар" 21 шоты бойынша 217 "Өндірістік қызмет қаржылары есебінен шығыстар" қосалқы шоты;

XI бөлімде. Өнімді өткізу:

"Өнімді, бұйымдар мен орындалған жұмыстарды өткізу" 28 шоты бойынша "Жолдар жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын өткізу" 282 қосалқы шоты;

XII бөлімде. Табыстар:

"Табыстар" 40 шоты бойынша "Кәсіптік-техникалық мектептердің өндірістік іс-қимылдарынан алынған табыстар" 402 қосалқы шоты;

Баланстан тыс шоттар бөлімінде:

"Зейнетақылар мен жәрдемақылар туралы заңдарды дұрыс қолданбаудың, есептегі қателердің салдарынан зейнетақылар мен жәрдемақыларды қайтадан төлеу" 10 шоты ;

2) X бөлімде. Мақсаттарға арналған қорлар мен қаржылар:

"Мақсаттарға арналған қорлар мен қаржылар" 24 шоты бойынша "Банк несиелері" 248 қосалқы шотының атауындағы "банк" деген сөз алып тасталсын;

3) мынадай қосалқы шоттар енгізілсін:

V бөлімге. Ақшалай қаражаттар:

"Бюджет бойынша ашық лимиттер" 09 шоты бойынша "Республикалық бюджеттік бағдарламалардың екінші әкімшісіне бөлінген лимиттердің есебінен республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстарына арналған ашық лимиттер" 092 және "Сыртқы заемдардың есебінен жобалар бойынша шығыстарға ашық лимиттер" 099 қосалқы шоттары;

"Сыртқы заемдар мен бірлесіп қаржыландыру бойынша бюджеттен тыс, валюталық шоттар және арнаулы шоттар" 11 шоты бойынша "Есеп айырысулар шоты" 115 қосалқы шоты ;

VI бөлімге. Қаржыландыру бойынша ведомствоішілік есептер:

"Қаржыландыру бойынша ведомствоішілік есептер" 14 шоты бойынша "

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың екінші әкімшісіне бөлінген лимиттердің есебінен мемлекеттік мекеменің шығыстарына арналған бюджеттен қаржыландыру бойынша есеп айырысулар" 141 қосалқы шоты;

VII бөлімге. Есеп айырысулар:

"Түрлі дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысулар" 17 шоты бойынша "Шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіруге алынған қаражаттар бойынша есеп айырысулар" 175 қосалқы шоты;

"Зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру бойынша есеп айырысулар" 19 шоты бойынша:

"Зейнетақылар және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды төлеу жөніндегі есеп айырысулар" 191 қосалқы шоты;

VIII бөлімге. Шығыстар:

"Бюджет бойынша шығыстар" 20 шоты бойынша "Республикалық бюджеттік бағдарламалардың екінші әкімшісіне бөлінген лимиттердің есебінен мемлекеттік мекемені ұстауға арналған бюджет бойынша шығыстар" 201 қосалқы шоты;

IX бөлімге. Қаржыландыру:

"Қаржыландыру" 23 шоты бойынша "Республикалық бюджеттік бағдарламалардың екінші әкімшісіне бөлінген лимиттердің есебінен республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстарына арналған бюджеттен қаржыландыру" 233 қосалқы шоты;

X бөлімге. Арнаулы мақсаттағы қорлар мен қаржылар:

"Арнаулы мақсаттағы қорлар мен қаржылар" 24 шоты бойынша "Сыртқы заемдар" 249 қосалқы шоты;

4) ауыстырылсын:

V бөлімде. Ақшалай қаржылар:

11 шоттың атауындағы "Сыртқы заемдар мен бірлесіп қаржыландыру бойынша бюджеттен тыс, валюталық және арнаулы шоттар" деген сөздер "Арнаулы және валюталық шоттар" деген сөздермен;

11 шот бойынша:

110 қосалқы шоттың атауындағы "Бюджеттен тыс шот "Тапсырмалар бойынша сомалар" деген сөздер "Демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған ағымдағы шот" деген сөздермен;

111 қосалқы шоттың атауындағы "Арнаулы қаржылар жөніндегі бюджеттен тыс шот" деген сөздер "Ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттарға арналған ағымдағы шот" деген сөздермен;

112 қосалқы шоттың атауындағы "Өзге бюджеттен тыс қаржылар жөніндегі бюджеттен тыс шот" деген сөздер "Депозиттік шот" деген сөздермен;

VII бөлімде. Есеп айырысулар:

"Орындаған жұмыстары және көрсеткен қызметтері үшін жеткізушілермен,

мердігерлермен және тапсырыс берушілермен есеп айырысулар" 15 шоты бойынша :

153 қосалқы шоттың атауындағы "Бюджеттен тыс қаражаттар бойынша атқарылған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін тапсырыс берушілермен есеп айырысулар" деген сөздер "Орындаған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін тапсырыс берушілермен есеп айырысулар" деген сөздермен;

157 қосалқы шоттың атауындағы "Сатып алушымен және тапсырыс берушімен есеп айырысулар" деген сөздер "Жұмыстар мен қызмет көрсетулер үшін тапсырыс берушілердің аванстар бойынша есеп айырысулары" деген сөздермен ;

159 қосалқы шоттың атауындағы "Медициналық сақтандыру бойынша есеп айырысулар" деген сөздер "Әлеуметтік салық жарналары бойынша есеп айырысулар" деген сөздермен ;

"Түрлі дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысулар" 17 шоты бойынша :

171 қосалқы шоттың атауындағы "Әлеуметтік сақтандыру бойынша есептемелер" деген сөздер "Міндетті әлеуметтік қамсыздандыру бойынша есеп айырысулар" деген сөздермен ;

176 қосалқы шоттың атауындағы "Тапсырыстар бойынша шығыстарға арналып алынған қаражаттар бойынша есептемелер" деген сөздер "Демеушілік және қайырымдылық көмек есебінен шығыстарға алынған қаражаттар бойынша есеп айырысулар" деген сөздермен ;

"Зейнетақымен және әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша есеп айырысулар" 19 шоты бойынша :

198 қосалқы шоттың атауындағы "Міндетті зейнетақы жарналары бойынша есеп айырысулар" деген сөздер "Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша есеп айырысулар" деген сөздермен;

VIII бөлімде. Шығыстар :

"Өзге шығыстар" 21 шоты бойынша:

211 қосалқы шоттың атауындағы "Арнаулы қаражаттар бойынша шығыстар" деген сөздер "Ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын қаражаттар есебінен жұмсалатын шығыстар" деген сөздермен ;

212 қосалқы шоттың атауындағы "Күрделі қаржыларға және жабдықтар сатып алуға арналған арнаулы қаражаттар бойынша шығыстар" деген сөздер "Күрделі жұмсалымдарға және ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын қаражаттар есебінен жабдықтарды сатып алуға жұмсалатын шығыстар" деген сөздермен ;

5) VII бөлімде. Есеп айырысулар:

"Түрлі дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысулар" 17 шоты

бойынша 179 қосалқы шоттың атауындағы "Жоспарлы төлемдер тәртібіндегі есептемелер" "жоспарлы" деген сөз "аванстық" деген сөзбен ауыстырылсын;

XII бөлімде. Кірістер:

"Кірістер" 40 шоты бойынша "Арнаулы қаржылар бойынша кірістер" 400 қосалқы шотының атауындағы "Арнаулы қаржылар бойынша" деген сөздер "Ақылы қызмет көрсетуді сатудан түсетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) "Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті жарналар" 12 баланстан тысқары шотының атауындағы "міндетті" деген сөзден кейін "зейнетақы" деген сөзбен толықтырылсын.

11. 20 - тармақта:

1) N 3 мемориалдық ордердің атауындағы "бюджеттен тыс" деген сөздер "арнаулы және валюталық" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) N 7 мемориалдық ордердің атауындағы "жоспарлы" деген сөз "аванстық" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) N 14 мемориалдық ордердің атауындағы "Арнаулы табыстар бойынша" деген сөздер "Ақылы қызмет көрсетуді сатудан түсетін" деген сөздермен ауыстырылсын.

12. 39-тармақ мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Материалдық емес активтер қозғалысының талдама есебі НОС-6-н. Материалдық емес активтерді есепке алудың түгендеу карточкасында жүргізіледі"

13. 46-тармақтың үшінші азатжолы "қабылдау-өткізу актісіне" деген сөздердің алдынан "Активтерді қабылдау-тапсыру (ауыстыру) актісі ОС-1 н. бойынша, ал материалдық емес активтерді берген кезде Материалдық емес активтерді қабылдау-тапсыру актісі НОС-1 н. бойынша" деген сөздермен толықтырылсын.

14. 47 - тармақ:

1) мынадай мазмұндағы үшінші азатжолмен толықтырылсын:

"Бухгалтерлік шоттарда ескерілген активтердің бастапқы (қалпына келтіру) құны тек олардың құнын арттыратын қосымша құрылыс, қосымша жабдықтау немесе қайта құру жөніндегі жұмыстар жүргізгенде ғана өзгереді.";

2) үшінші және төртінші азатжолдар тиісінше төртінші және бесінші азатжолдар болып саналсын.

15. 48-тармақтағы "қабылдау" деген сөздің алдынан "ОС-1-н. активтерді" деген сөзбен, "қабылдау" деген сөзден кейін "-тапсыру (ауыстыру) актісіне және НОС-1-н. материалдық емес активтерді қабылдау-тапсыру" деген сөздермен толықтырылсын.

16. 50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік мекемелер активтерді баланстан есептен шығаруды заңдармен

белгіленген тәртіппен жүргізеді".

17. 52 - тармақта :

1) бірінші азатжолда 443-нысанның атауындағы "аспаптарды" деген сөздердің алдындағы "Жарамсыздыққа жеткен" сөздер "Іш киімдер, төсек орын жабдықтарын, киім мен аяқ-киімдер балансынан" деген сөздермен ауыстырылсын, 444-н. атауындағы "шығарылған" деген сөздер алып тасталсын;

2) төртінші азатжол жетінші азатжол деп саналсын, бесінші және алтыншы азатжолдар тиісінше төртінші және бесінші азатжолдар деп саналсын;

3) мынадай мазмұндағы алтыншы азатжолмен толықтырылсын:

"Мемлекеттік мекемелер оларға смета бойынша бөлінген қаражаттар есебінен сатып алынған өздеріне бекітілген активтерді өз бетінше сатуға құқығы жоқ. Активтерді сатуды активтер құнына байланысты "Жекешелендіру объектілерін сату жөніндегі аукциондар ұйымдастырудың және өткізудің ережесіне" сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы миинистрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті немесе оның аумақтық органдары жүзеге асырады".

18. 55 - тармақта :

1) бірінші азатжол "ОС-8" деген сөздерден кейін "НОС-6" деген сөздермен толықтырылсын ;

2) екінші азатжол "ОС-9" деген сөздерден кейін "НОС-6" деген сөздермен толықтырылсын ;

19. 74-тармақтағы "Шаруашылық шарттарындағы ғылыми зерттеу жұмыстарына арналған арнаулы жабдықтар" 044 қосалқы шоты алып тасталсын;

20. 78-тармақ алып тасталсын.

21. 84-тармақтағы "Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі" деген сөздер "Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын .

22. 99-тармақтың соңғы азатжолындағы "министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің" деген сөздер "бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің" деген сөздермен ауыстырылсын .

23. 100 - тармақта :

үшінші азатжолдағы "министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен" деген сөздер "бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен" деген сөздермен ауыстырылсын ;

443-нысанның атауы "жабдықтарын" деген сөзден кейін "киім мен аяқ-киімдерді," деген сөздермен толықтырылсын;

"өндірістік" деген сөзден кейін "және" деген шылаумен толықтырылсын;

2) мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Арнайы киімдерді, арнайы аяқ-киімдерді және сақтандыру жарақтарының талдама есебі Арнайы киімдердің, арнайы аяқкиімдердің және сақтандыру

жарақтарын есепке алудың жеке карточкасы МБ-6-н. бойынша және Арнайы киімдердің, арнайы аяқкиімдердің және сақтандыру жарақтарын беруді (қайтаруды) есепке алу ведомосы МБ-7-н. бойынша жүргізіледі."

24. 101-тармақтағы "арнайы қаражаттар" деген сөздер "ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын қаражаттар бойынша табыстар және шығыстар" деген сөздермен ауыстырылсын.

25. 103-тармақтағы "Шарттар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған шығындар" 082 қосалқы шоты алып тасталсын.

26. 106-тармақ алып тасталсын.

27. 109-тармақтағы "бюджеттен тыс шоттардағы" деген сөздер "шоттардағы, ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттардың ағымдағы шоттарындағы, демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған ағымдағы шоттардағы және депозиттік шоттағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

28. 112-тармақ мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Бюджеттік қаражаттардың ішкі бөлінуіне бақылау жасау үшін 3-н. лимиттерді бөлуге бақылау жасау карточкасы арналған."

29. 113 - тармақта :

1) бірінші азатжолдағы "бюджет бойынша" деген сөздерден кейін "(сыртқы заемдарсыз)" деген сөздермен толықтырылсын;

2) екінші азатжолдағы "044-А" нысанын "Республикалық бюджет бойынша алынған міндеттемелерді ескере отырып лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосы 032-А" нысанымен ауыстырылсын.

30. 115 - тармақта :

"Бюджет бойынша ашық лимиттер" 09 шоты "Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстарына республикалық бюджеттік бағдарламалардың екінші бір әкімшісіне бөлінген лимиттердің есебінен ашылатын лимиттер" 092 және "Сыртқы заемдар есебінен жобалар бойынша шығыстарға арналған ашық лимиттер" 099 қосалқы шоттарымен толықтырылсын .

31. Мынадай мазмұндағы 117-1-тармақпен толықтырылсын:

"117-1. "Республикалық бюджеттік бағдарламалардың екінші әкімшісіне бөлінген лимиттердің есебінен республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстарына арналған ашық лимиттер" 092 қосалқы шотында министрлік аралық (ведомствоаралық) рұқсат бойынша 2-б-н. белгілі бір шараларды қаржыландыруға алынған мемлекеттік мекеменің бюджеттік қаражаттарының түсуі және жұмсалуды есепке алынады."

32. Мынадай мазмұндағы 120-1 және 120-2-тармақтармен толықтырылсын:

"120-1. "Басқа бюджеттердің есебінен ашық лимиттер" 096 қосалқы шотында республикалық бюджеттің қаражаттары есебінен ұсталатын мемлекеттік

мекемелердің ашық лимиттерінің қозғалысы, олар белгілі бір мақсаттар үшін жергілікті бюджеттерден қаражаттар алған жағдайда есепке алынады.

120-2. "Сыртқы заемдар есебінен жобалар бойынша шығыстарға арналған ашық лимиттер" 099 қосалқы шотында сыртқы заемдар есебінен жобалар бойынша қаржыландыруға арналған ашық лимиттердің сомасы есепке алынады. Ашық лимиттердің сомасында лимиттерге иелік етушілер 099 қосалқы шоттың дебетіне және "Сыртқы заемдардың қаражатынан жобаларды қаржыландыру" 239 қосалқы шотының кредитінде жазба жүргізеді, қаржылық жыл аяқталғаннан кейін бөлінген лимиттердің пайдаланылуы 239 қосалқы шотының дебеті және 099 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі."

33. 122-тармақ мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Қаржыландыру алатын және өзін қоса алғанда оны ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың арасында бөлетін ұйымдар қаржылық рұқсаттар бойынша (1-н. МБР) 3-н. МБ Лимитті бөлуге бақылау жасау карточкасын жүргізеді. Карточка шығыстың әрбір ерекшелігіне жеке-жеке қаржылық жылға ашылады."

34. 123-тармақтың екінші азатжолындағы "144-А" нысаны "Жергілікті бюджет бойынша алынған міндеттемелерді ескере отырып лимиттер және кассалық шығыстар қозғалысының ведомосы 132-А" нысанымен ауыстырылсын.

35. 129-тармақта:

1) 11-шоттың атауындағы "Бюджеттен тыс" деген сөздер "Арнаулы" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) бірінші азатжол алып тасталсын;

3) екінші азатжолдағы 11-шоттың атауындағы "Бюджеттен тыс" деген сөздер "Арнаулы" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Аманаттар жөніндегі соманың бюджеттен тыс шот" 110 қосалқы шотының атауы "Демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған ағымдағы шоты" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Арнаулы қаржылар жөніндегі бюджеттен тыс шот" 111 қосалқы шотының атауы "Ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттарға арналған ағымдағы шот" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Өзге бюджеттен тыс қаржылар жөніндегі бюджеттен тыс шот" 112 қосалқы шотының атауы деген сөздермен ауыстырылсын;

"Есеп айырысу шоты" 115 қосалқы шоты енгізілсін;

"Әлеуметтік сақтандыру қоры есебінен жәрдемақы төлеуге арналған шот" 116 қосалқы шоты алып тасталсын.

36. 130-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған ағымдағы шот" 110

шотында" демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде заңды және жеке тұлғалардан қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік мекемелердің алатын қаражаттарының түсуі есепке алынады. Демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған ағымдағы шоттарды:

республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер - тиісті мемлекеттік мекемелер - бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өтініштері мен демеушілік және қайырымдылық көмекті енгізушілердің жазбаша өтініші негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бюджет департаментінің р ұ қ с а т ы м е н ;

жергілікгі бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер - жергілікті қаржы органдарының рұқсатымен ашады (немесе ашылған шоттардың қолданылу мерзімі ұзартылады).

Демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған ағымдағы шоттарға есептелінген және мақсатты сипаты бар ақшалай қаражаттарды мемлекеттік мекемелер қатаң нысаналы мақсаттар бойынша жұмсайды.

Демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған шотқа түскен сомаларға 110 қосалқы шоты дебеттеледі және 176 қосалқы шоты кредиттеледі.

Жұмсалған сомаларға 110 қосалқы шоты кредиттеледі және 176 қосалқы ш о т ы д е б е т т е л е д і .

110 қосалқы шоты бойынша талдама есеп демеушілік және қайырымдылық көмектің жекелеген түрлері бойынша 292-а-н. карточкаларында (292-н. кітабы) жү р г і з і л е д і . "

37. 131-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттарға арналған ағымдағы шот" 111 қосалқы шотында" Қазақстан Республикасының заңдарымен рұқсат етілген ақылы қызмет көрсетуді сатудан мемлекеттік мекемелердің алатын қаражаттары көрсетіледі. Жоғарыда аталған шотқа қызмет көрсетулерді сатудан түсетін түсімдерді есептеу рұқсат етілетін мемлекеттік мекемелер тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңымен немесе Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен анықталады.

Ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын қаражаттардың сметалары жоспарланып отырған жылдың 1 қаңтарына дейін бекітілуі тиіс. Бекітілген сметалардың қолданылуы есепті жылдың 31 желтоқсанында тоқтатылады. Ағымдағы шотта есепті жылдың 31 желтоқсанында пайда болған ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын қаражаттардың қалдығы ақылы қызмет көрсетудің түрі сақталған жағдайда, келесі жылдың ақылы қызмет көрсетуін тиісті түрі сметасының кіріс бөлігіне, олай болмаған жағдайда - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіпке сәйкес тиісті бюджеттердің кіріс бөлігіне көшіріледі.

Мемлекеттік мекеме - бағдарламалардың әкімшісі белгіленген тәртіппен бекітуге ұсынған ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын қаражаттардың сметасы жоспарланып отырған жылдың 1 қаңтарына дейін бекітілмеген жағдайда , оған сметалар бекітілгенге дейін алдын ала, жоспарланған жылдың 1 қаңтарынан 1 ақпанына дейін созылатын уақыт кезеңінде шығыстарды тек 31 желтоқсандағы қаражаттардың қалдығы шегінде ғана шығыстар және өткен жылғы шығыстар сметасын жүргізуге рұқсат етіледі.

Егер смета жоспарланып отырған жылдың 1 сәуіріне дейін бекітілмесе, онда жоспарланып отырған жылдың 1 қаңтарынан бастап 1 сәуірді қоса алғанда түскен қаражаттар тиісті бюджеттің кіріс бөлігіне есептеледі.

Бұдан басқа, түскен және бекітілген сметада көзделмеген кірістер он банктік күн ішінде тиісті бюджеттің кірісіне аударылуға жатады.

Осы шотта жергілікті атқарушы органдардың бюджетінде көзделген мектептерді ағымдағы ұстауға арналған шығыстар сомасының кемінде бір проценттің мөлшеріндегі аударымдар есебінен құралатын мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің жанындағы Жалпыға бірдей міндетті орта білім беру қорына түсетін түсім, заңдармен белгіленген тәртіпте мектептің көрсететін қызметтерін сатудан түсетін, демеушілік және ізгілік көмектен түсетін түсімдер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да түсімдер есепке алынады.

Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің жанындағы Жалпыға бірдей міндетті орта білім беру қорына мемлекеттік мекемелердің бюджеттік қаражаттарды және демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған шоттардан қаражаттарды аударуға рұқсат етіледі.

Шотқа түскен сомалар 111 қосалқы шоттың дебеті және 03, 05, 10, 16, 17, 28 және 40 шоттардың тиісті қосалқы шоттарының кредиті бойынша жазылады.

111 қосалқы шотының кредиті бойынша қолма-қол ақшасыз есеп айырысу арқылы шоттан төленген сомалар және мемлекеттік мекеменің кассасына қолма-қол алынған сомалар көрсетіледі. Бұл ретте 04, 06, 08, 12, 16, 17 және 21 шоттардың тиісті қосалқы шоттары дебеттеледі.

Шоттан бюджет кірісіне аударылған сомалар 400 қосалқы шоттың дебетіне ж а т қ ы з ы л а д ы .

Ақшалай қаражаттардың қозғалысы бойынша операцияларды есепке алу жинақтаушы ведомоста 381-н. (3 мемориалдық ордер) жүргізіледі."

38. 132-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Депозиттік шот" 112 қосалқы шоты" жұмсау құқығынсыз мемлекеттік мекемелердің уақытша иелігіне түсетін және белгілі бір жағдайлар туған кезде мемлекеттік бюджетке есептелуге немесе қолданылып жүрген заңдарға сәйкес енгізушілерге қайтаруға жататын қаражаттарды есепке алуға арналған.

Мемлекеттік мекемелер - бағдарламалардың әкімшілеріне депозиттік шот Қазақстап Республикасы Қаржы министрлігі Бюджет департаментінің немесе аумақтық қаржы органының рұқсаты негізінде ашылады.

Сомалардың депозиттік шотқа түсуі 112 қосалқы шоттың дебеті және 174 қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі, соманы иесіне қайтарған немесе соманы депозиттік шоттан тиісті бюджетке аударған кезде 112 қосалқы шоттың кредиті және 174 қосалқы шоттың дебеті бойынша жазба жүргізіледі.

Депозиттік сомалардың тиісті алушыларға дұрыс аударылуына мемлекеттік мекеменің басшысы жауап береді. Талап етіп алынбаған депозиттік сомалар оларды сақталу мерзімдері аяқталғаннан кейін ағымдағы шотында осы сомалар сақталатын мемлекеттік мекеменің өкімі бойынша республикалық бюджеттің кірісіне аударылуға жатады.

112 қосалқы шотта, сол сияқты Алматы қаласының және оның аудандарының әкімдерінің бюджеттен тыс қорларының қаражаттары көрсетіледі, сомалардың қорға түсуі 112 қосалқы шоттың дебеті және "Басқа да қорлар" 272 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

112 қосалқы шот бойынша талдама есеп 292-а-н. (292 н. кітабында) карточкаларында жүргізіледі."

39. 132.1-тармақтың екінші азатжолындағы "239 "Сыртқы заем қаражаттарынан жобаларды қаржыландыру" деген сөздер "Сыртқы заемдар" 249" деген сөздермен ауыстырылсын.

40. Мынадай мазмұндағы 132-3-тармақпен толықтырылсын:
"132-3. "Есеп айырысу шоты" 115 қосалқы шотында Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінен Қазақстанның елшіліктері мен басқа да ұйымдар алған бюджет қаражаттарының есебі жүзеге асырылады.

Түскен сомалар 115 қосалқы шоттың дебеті және "Ұйымдардың және басқа да шаралардың шығыстарын бюджеттен қаржыландыру жөніндегі есеп айырысулар" 140 қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі, жүргізілген шығыстарға 115 қосалқы шот кредиттеледі және 06, 07, 08, 12, 16, 17, 18 және 19 шоттардың тиісті қосалқы шоттары дебеттеледі.

115 қосалқы шот бойынша талдама есеп 292-а-н. карточкаларында жүргізіледі "

41. 133-тармақ алып тасталсын.

42. 135-тармақтың үшінші азатжолындағы:

1) "Бюджеттен тыс қаражаттар" деген сөздер "Ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттарға арналған шотқа, демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған шотқа және депозиттік шотқа түскен сомалар" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2) 11 шоттың атауындағы "Бюджеттен тыс" деген сөздер "Арнаулы" деген

с ө з б е н

а у ы с т ы р ы л с ы н .

4 3 . 1 3 6 - т а р м а қ т а :

1) екінші азатжолдағы "анықтау тәртібі" деген сөздерден кейін "Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 22 қыркүйектегі N 433 бұйрығымен бекітілген оған енгізілген толықтырулар мен өзгерістерді ескере отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

2) төртінші азатжолдағы "(N КО-2 үлгісі)" деген сөздер "(КО-3а-н.)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) алтыншы азатжолдағы "ордері" деген сөзден кейін "(КО-2н.)" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тоғызыншы азатжолдағы "бюджеттік және бюджеттен тыс шоттар" деген сөздер "бюджеттік шот, ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттарға арналған ағымдағы шот, демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған ағымдағы шот, депозит шот және Алматы қаласы Әкімінің бюджеттен тыс қорының ағымдағы шоты" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) он бірінші азатжолдағы "кітаптарды" деген сөзден кейін "және 453-н. бойынша бюджет қаражаттары бойынша жеке-жеке және Ақылы қызмет көрсетуді сатудан, демеушілік және қайырымдылық көмек, депозиттік сомалар және Алматы қаласы Әкімінің бюджеттен тыс қорының қаражаттары түрінде түскен қолма-қол ақшаларды нысаналы мақсаттарға пайдалануға бақылау жасау кітабы 454-н. қаражаттар бойынша жеке-жеке нысаналы мақсаттар бойынша қолма-қол ақшаларды пайдалануды бақылау кітаптарын" деген сөздермен толықтырылсын .

44. 139-тармақтағы "бюджеттік ұйымдардың бюджеттен тыс қаражаттар" деген сөздер "мемлекеттік мекемелердің ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттары" деген сөздермен ауыстырылсын.

45. 140-тармақтағы "Қаржыландыру бойынша ведомствошілік есептер" 14 шоты "Республикалық бюджеттік бағдарламалардың басқа әкімшісіне бөлінген лимиттердің есебінен мемлекеттік мекемелердің шығыстарына бюджеттен қаржыландыру бойынша есеп айырысулар" 141 қосалқы шотымен толықтырылсын .

46. Мынадай мазмұндағы 142-1-тармақпен толықтырылсын:

"142-1. "Республикалық бюджеттік бағдарламалардың екінші әкімшісіне бөлінген лимиттердің есебінен мемлекеттік мекемелердің шығыстарына бюджеттен қаржыландыру бойынша есеп айырысулар" 141 қосалқы шотында мемлекеттік мекемелер олар өздерінің бюджеттік қаражаттарының бөлігін 2-б-н. бойынша бөлген кезде республикалық бюджеттік бағдарламалардың екінші әкімшілерінен белгілі бір шараларға алынатын қаржыландыру сомалары есепке алынады . "

47. 147-тармақтағы "мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға арналған аударымдар бойынша, медициналық сақтандыру бойынша есеп айырысулар, зейнетақымен қамсыздандыру және халықты әлеуметтік қамсыздандыру бойынша есеп айырысулар" деген сөздер "әлеуметтік салық жарналары бойынша , әлеуметтік қамсыздандыруға арналған алым және басқа да төлемдер бойынша, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша есеп айырысулар" деген сөздермен ауыстырылсын.

4 8 . 1 4 9 - т а р м а қ т а :

1) "Бюджеттен тыс қаражаттар бойынша атқарылған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін тапсырыс берушілермен есеп айырысулар" 153 қосалқы шотының атауы "Атқарылған жұмыстар мен көрсетілген қызметтер үшін тапсырыс берушілермен есеп айырысулар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) "Төлеуге жататын ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша тапсырыс берушілермен есеп айырысулар" 154, "Ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған аванстар бойынша тапсырыс берушілермен есеп айырысулар" 155 және " Шаруашылық шартпен жұмыстарды орындау үшін арналған бірлесіп атқарушылармен есеп айырысулар" 156 қосалқы шоттары алып тасталсын;

3) "Сатып алушымен және тапсырыс берушімен есеп айырысулар" 157 қосалқы шотының атауы "Жұмыстар мен қызмет көрсетулер үшін тапсырыс берушілердің аванстары бойынша есеп айырысулар" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4) "Медициналық сақтандыру бойынша есеп айырысулар" 159 қосалқы шотының атауы "Әлеуметтік салық жарналары бойынша есеп айырысулар" деген сөздермен ауыстырылсын .

4 9 . 1 5 2 - т а р м а қ т а :

1) 153 қосалқы шоттың атауындағы "Бюджеттен тыс қаражаттар" деген сөздер алып тасталсын ;

2) екінші азатжолдағы "402" деген сандар "400" деген сандармен ауыстырылсын ;

3) үшінші азатжолдағы "112" деген сандар "111" деген сандармен ауыстырылсын .

50. 153, 154, және 155-тармақтар алып тасталсын.

51. 156-тармақтағы "Сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп айырысулар" 157-қосалқы шотының атауы "Жұмыс және қызметтер көрсеткені үшін тапсырыс берушілердің аванстары бойынша есеп айырысулар" деген сөздермен ауыстырылсын .

52. 157-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Әлеуметтік салық жарналары бойынша есеп айырысулар" 159 қосалқы

шотында" Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z952235_ Заң күші бар Жарлығына сай мемлекеттік мекемелер жүргізетін әлеуметтік салықтың есептелуі және төленуі есепке алынады.

Әлеуметтік салықты есептеу 159 қосалқы шоттың кредиті бойынша және шығыстардың тиісті шоттарының дебеті бойынша көрсетіледі. Әлеуметтік салықты бюджетке төлеу кезінде 159 қосалқы шот дебеттеледі және ақшалай қаражаттар шоттарының қосалқы шоттары кредиттеледі.

159 қосалқы шот бойынша талдама есеп 292-а-н. карточкаларында жүргізіледі (292-н. кітабында).

53. 160-тармақта:

1) "Әлеуметтік сақтандыру бойынша есептемелер" 171 қосалқы шотының атауы "Міндетті әлеуметтік қамсыздандыру бойынша есеп айырысулар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) "Шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіру үшін алынған қаражаттар бойынша есеп айырысулар" 175 қосалқы шоты енгізілсін.

3) "Жоспарлы төлемдер тәртібінде есептемелер" 179 қосалқы шотының атауындағы "Жоспарлы" деген сөз "Аванстық" деген сөзбен, "есептемелер" деген сөз "есеп айырысулар" деген сөздермен ауыстырылсын.

54. 162-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Міндетті әлеуметтік қамсыздандыру бойынша есеп айырысулар" 171 қосалқы шотында" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 сәуірдегі N 411 P990411_ қаулысына сай мемлекеттік бюджет қаражаттары есебінен жұмыс істейтін азаматтарға міндетті әлеуметтік қамсыздандыру бойынша жәрдемақылар есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Z952235_ Заң күші бар Жарлығына сай мемлекеттік мекемелер жүзуге асыратын әлеуметтік қамсыздандыруға арналған алымды бюджетке есептеу және төлеу ескеріледі.

171 қосалқы шот кредиті бойынша әлеуметтік қамсыздандыруға арналған алымның есептелген сомалары жазылады. Осы қосалқы шоттың дебеті бойынша міндетті әлеуметтік қамсыздандыру бойынша есептелген жәрдемақылардың сомалары, сондай-ақ бюджетке төленген әлеуметтік қамсыздандыруға арналған алымның сомалары жазылады.

171 қосалқы шот бойынша алдама есеп 283-н. көпбағанды карточкаларда жүргізіледі.

55. 166-тармақтың төртінші және бесінші азатжолдарындағы "арнаулы қаражаттар бойынша бюджеттен тыс шоттарға", "арнаулы қаражаттар бойынша бюджеттен тыс шотқа" деген сөздер "ақылы қызмет көрсетуден түсетін

қаражаттарға арналған ағымдағы шотқа" деген сөздермен ауыстырылсын.

56. 170-тармақтағы "Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің" деген сөздер "Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

57. 172-тармақтағы "бюджеттен тыс қаражаттар бойынша бюджеттен тыс шоттарда" деген сөздер "депозиттік шотта" деген сөздермен ауыстырылсын.

58. "172-1. "Шағым және орта бизнес субъектілерін несиелендіру үшін алынған қаражаттар бойынша есеп айырысулар" 175 қосалқы шотында жергілікті атқарушы органдардың жанындағы шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) шағын және орта бизнесті несиелендіруге жергілікті бюджеттерден бөлінген қарыз ақшалар бойынша есеп айырысулары көрсетіледі. Шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіруге жергілікті бюджеттерден бөлінген қаражаттардың сомалары осы қосалқы шоттың дебеті және 248 қосалқы шоттың кредиті бойынша есепке алынады. Шағын және орта бизнес субъектілерінің қаражаттарды қайтаруы 175 қосалқы шоттың кредиті және 100 дебеті бойынша жазбамен көрсетіледі, бір мезгілде 248 қосалқы шот дебеті және 100 қосалқы шот кредиті бойынша жазба жасалады.

175 қосалқы шот бойынша талдама есеп 292-а-н. карточкаларында (292-н. кітабында) әрбір субъект бойынша жүргізіледі."

59. 173-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Демеушілік және қайырымдылық көмек есебінен шығыстарға алынған қаражаттар бойынша есеп айырысулар" 176 қосалқы шотында" демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде түсетін және қатаң нысаналы мақсат бойынша пайдаланылатын қаражаттар бойынша есеп айырысулар есепке алынады.

Шығысқа түскен сомалар 176 қосалқы шоттың кредитіне және 110 қосалқы шоттың дебетіне жазылады. Жұмсалған сомаларға 176 қосалқы шоттың дебетіне және 110 қосалқы шоттың кредитіне жазба жүргізіледі.

Талдама есеп 292-а-п. карточкаларында (292-н. кітабында) жүргізіледі.

60. 175 - тармақта:

1) "аударылған сомалары" деген сөздерден кейін "қаражаттарды тапсырыс берушінің бюджеттік шотынан екінші деңгейдегі банктердегі немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық органдарындағы орындаушының шотына аудару арқылы жүзеге асырылатын мемлекеттік тапсырысты орындағаны үшін орындаушылармен есеп айырысулар" деген сөздермен толықтырылсын;

2) екінші азатжолдағы 126 ерекшеліктің атауы "Әскери қызметшілерді және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін мемлекеттік міндетті дербес сақтандыруға сондай-ақ мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік сақтандыруға арналған жарналар" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) алтыншы, жетінші және сегізінші азатжолдардағы "республикалық" деген сөз алып тасталсын.

61. 176 - тармақта:

1) бірінші, төртінші және бесінші азатжолдардағы "жоспарлы" деген сөз "аванстық" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы азатжол енгізілсін:

"Осы қосалқы шотта қаражаттарды тапсырыс берушінің бюджеттік (дербес) шотынан екінші деңгейдегі банктердегі немесе Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық органдарындағы орындаушының шотына аудару арқылы жүзеге асырылатын мемлекеттік тапсырысты орындау үшін орындаушыларға аванстары есепке алынады".

62. 179 - тармақта:

1) үшінші азатжолдағы "басқалар" деген сөздердің алдынан "Жұмыс уақытын пайдалану және еңбекақыны есептеу табелі 421-н., Жұмысқа арналған өңдеу есебінің картасы 423-н., Нарядтар мен басқа да құжаттар 424-н. бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

2) мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Бөлімшелері саны көп мемлекеттік мекемелерде, кассирден басқа, толық жеке материалдық жауапкершілік туралы жазбаша шарт жасалатын тұлғалармен жалақыларды, уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша жәрдемақыларды төлеу мемлекеттік мекеме басшысының жазбаша бұйрығы бойынша жүргізілуі мүмкін. Сенімді тұлғаларға кассалардан қолма-қол ақша беру кезінде кассир беру есебін жалақылар мен стипендияларды төлеуге арналған ақша таратушыға берілген есеп журналында N 320-н. жүргізеді. Аз қамтылған отбасыларға берілетін жәрдемақылардың есебі аз қамтылған отбасылардың балаларына арналған жәрдемақыларды алушының N _____ дербес шотында 2-д.-н. немесе аз қамтылған отбасылардың балаларына арналған жәрдемақыларды төлеу ведомосында 450-н. жүзеге асырылады".

63. 183-тармақтың екінші азатжолындағы "бюджеттік және бюджеттен тыс мекемелердің шоттарына" деген сөздер "бюджеттік шоттан, ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттарға арналған ағымдағы шоттан, демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған ағымдағы шоттан" деген сөздермен ауыстырылсын.

64. 186-тармақтың үшінші азатжолындағы "және бюджеттен тыс шоттардың" деген сөздер "шоттан, ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттарға арналған ағымдағы шоттан, демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған ағымдағы шоттан" деген сөздермен ауыстырылсын.

65. 187-тармақтың екінші азатжолындағы "бюджеттік және бюджеттен тыс шоттар" деген сөздер "бюджеттік шоттан, ақылы қызмет көрсетуден түсетін

қаражаттарға арналған ағымдағы шоттан, демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған ағымдағы шоттан" деген сөздермен ауыстырылсын.

66. 188 - тармақта :

1) екінші азатжолдағы "және бюджеттен тыс шоттар" деген сөздер "шоттан, ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттарға арналған ағымдағы шоттан, демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған ағымдағы шоттан" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Мемлекеттік мекемеге түсетін атқарушы парақтарды және алименттерді өндіріп алу туралы басқа да құжаттарды тіркеу және есепке алу, сондай-ақ ұстап қалу мөлшерін есепке алу үшін Алименттерді өндіріп алу туралы атқарушы парақтардың есеп кітабы 437-н. жүргізіледі."

67. 190-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл шотта жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша есеп айырысулар есепке алынады".

68. 191 - тармақ :

1) "қосалқы шоттарға бөлінеді:" деген сөздерден кейін "191 "Зейнетақылар мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды төлеу жөніндегі есеп айырысулар" деген сөздермен толықтырылсын;

2) "Міндетті зейнетақы жарналары бойынша есеп айырысулар" 198 қосалқы шотының атауы "Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша есеп айырысулар" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) "199 "Халықты еңбекпен қамту қорымен есеп айырысулар" деген сөздер алып тасталсын.

69. Мынадай мазмұндағы 191-1-тармақпен толықтырылсын:

"191-1. "Зейнетақылар мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды төлеу жөніндегі есеп айырысулар" 191 қосалқы шотында Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне зейнетақылар мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды төлеуге республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттардың қозғалысы есепке алынады. Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа аударылған қаражаттарды Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі "Зейнетақылар мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды төлеу жөніндегі есеп айырысулар" 191 қосалқы шотының дебеті және "Ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға аудару үшін және басқа шараларға ұйымдардың шығыстарына арналған ашық лимиттер" 090 қосалқы шотының кредиті бойынша есепке алынады.

Зейнетақылар мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды төлеу жөніндегі іс жүзінде жүргізілген шығыстар Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік

орталық ұсынған іс жүзінде төленген зейнетақылар мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы есептің негізінде "Ұйымдарды ұстауға және басқа шараларға арналған бюджет бойынша шығыстар" 200 қосалқы шотының дебеті және 191 қосалқы шотының кредиті бойынша есепке алынады.

191 қосалқы шот бойынша талдама есеп 283-н. көп бағанды карточкаларда жүргізіледі."

70. 192 - тармақта:

1) бірінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік мекемелер жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын есептеуді "қызметкерлермен және қызметшілермен есеп айырысулар" 180 қосалқы шотының кредиті және "Бюджет бойынша шығыстар" 20 шотының немесе "Басқа шығыстар" 21 шотының тиісті қосалқы шоттарының дебеті бойынша көрсетеді. Бір мезгілде есептелген зейнетақы жарналарының әрбір жеке тұлғаның табысынан ұстауға 180 қосалқы шоттың дебеті және "Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары бойынша есеп айырысулар" 198 қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі. Қаражаттарды аудару кезінде 198 қосалқы шоты дебеттеледі және 09, 10, 11 ақша қаражаттары шоттарының тиісті қосалқы шоттары кредиттеледі."

2) екінші азатжолдағы "карточкаларын" деген сөзден кейін "451-н." деген сөздермен толықтырылсын;

3) үшінші азатжолдың екінші сөйлемі "ведомоста" деген сөзден кейін "451-н." деген сөздермен толықтырылсын;

71. 193-тармақ алып тасталсын.

72. 195 - тармақта:

1) "Республикалық бюджеттік бағдарламалардың екінші әкімшісіне бөлінген лимиттердің есебінен мемлекеттік мекемелерді ұстауға арналған бюджет бойынша шығыстар" 201 қосалқы шоты енгізілсін;

2) "206 "Әлеуметтік сақтандыру қоры қаражаттары есебінен жәрдемақы төлеуге арналған шығыстар" қосалқы шоты алып тасталсын.

73. Мынадай мазмұндағы 196-1-тармақпен толықтырылсын:

"196-1. "Республикалық бюджеттік бағдарламалардың екінші әкімшісіне бөлінген лимиттердің есебінен мемлекеттік мекемелерді ұстауға арналған бюджет бойынша шығыстар" 201 қосалқы шотында белгіленген лимиттер шегінде бюджет қаражаттарын жұмсауға министрлікаралық (ведомствоаралық) рұқсат алған мемлекеттік мекемелерді ұстауға арналып іс жүзінде жүргізілген шығыстар көрсетіледі.

Іс жүзіндегі шығыстардың талдама есебі әрбір шаралар мен шығыстар ерекшелігі бойынша 294-н. кітабында жүргізіледі."

74. 198.1 - тармақта:

1) үшінші азатжолдағы "198/1, 199" деген сандар "198" деген санмен ауыстырылсын;

2) алтыншы азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"Іс жүзінде жүргізілген шығыстарды есептен шығару сыртқы заемдарды өтеу мөлшері бойынша жүргізіледі, бұл ретте төлем тапсырысының немесе осы мақсаттар үшін көзделген сомаларды мемлекеттік бюджеттің кірісіне аудару арқылы заемдардың өтелуін растайтын басқа құжаттардың негізінде "Сыртқы заемдар" 249 қосалқы шотының дебеті және "Сыртқы заемдар есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша шығыстар" 204 қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүзеге асырылады."

75. 199-тармақ алып тасталсын.

76. 200-тармақта:

1) "211 "Арнаулы қаражаттар бойынша шығыстар" деген сөздер "211 "Ақылы қызмет көрсетуден алынатын қаражаттар есебінен шығыстар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) "212 "Күрделі қаржыларға және жабдықтар сатып алуға арналған арнаулы қаражаттар бойынша шығыстар" деген сөздер "212 "Күрделі жұмсалымдарға және ақылы қызмет көрсетуден, демеушілік және қайырымдылық көмектен алынатын қаражаттар есебінен жабдықтарды сатып алуға арналған шығыстар" деген сөздермен ауыстырылсын.

77. 202-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақылы қызмет көрсетуден алынатын қаражаттар есебінен шығыстар" 211 қосалқы шотында ақылы қызмет көрсетуден алынатын қаражаттар сметасы бойынша шығыстар есепке алынады.

Шығындалған материалдардың, ақша қаражаттарының және басқа шығыстардың сомаларына 211 қосалқы шотының дебетіне және "Материалдық қорлар", "Ақшалай қаражаттар", "Есеп айырысулар" шоттарының тиісті қосалқы шоттарының кредитіне жазба жүргізіледі. Жыл аяқталғаннан кейін жыл ішінде жұмсалған шығындардың жалпы сомасы 211 қосалқы шоттың кредитінен 400 қосалқы шоттың дебетіне есептен шығарылады.

Шығыстардың талдама есебі ақылы қызмет көрсетуден алынатын қаражаттардың түрлері бойынша ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын қаражаттардың есеп кітабында 297-б-н. жүргізіледі. Шығыстардың есебі көп бағанды карточкаларда 283-н. жүзеге асырылуы мүмкін."

78. 203-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Күрделі жұмсалымдарға және ақылы қызмет көрсетуден, демеушілік және қайырымдылық көмектен алынатын қаражаттар есебінен жабдықтарды сатып алуға арналған шығыстар" 212 қосалқы шотында" ақылы қызмет көрсетуді сатудан алынатын қаражаттар сметасы бойынша көзделген және мыналардың:

шығарылатын өнімнің өзіндік құнына жатқызуға жатпайтын өндірістік (оқу) шеберханаларының, қосалқы ауыл және оқу-тәжірибе шаруашылықтарының (жабдықтар мен құрал-саймандар сатып алу, оқу-өндірістік шеберханаларды және қосалқы шаруашылықтарды кеңейту жөніндегі күрделі жұмсалымдар). Өнімнің өзіндік құнына енетін өндірістік (оқу) шеберханаларының, қосалқы ауыл шаруашылықтарының шығындары 08 шоттың тиісті қосалқы шоттарында есепке а л ы н а д ы ;

с п о р т а л а н д а р ы н с а л у ғ а ;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда тосқауылдар салуға арналған шығарылатын өнімнің өзіндік құнына жатқызуға жатпайтын шығындар есепке а л ы н а д ы .

Жыл соңында аяқталған және пайдалануға берілген объектілер бойынша шығындар, сондай-ақ шығарылатын өнімнің өзіндік құнына жатқызуға жатпайтын басқа да шығындар 212 қосалқы шоттың кредитінен 400, 246 қосалқы шоттардың дебетіне есептен шығарылады. Аяқталмаған және аяқталған, бірақ пайдалануға берілмеген құрылыс және қайта құру объектілері бойынша шығындар 212 қосалқы шот бойынша баланста қалады.

Осы шот бойынша талдама есеп 294-н. кітабында жүгізіледі."

79. 207-тармақ алып тасталсын.

80. 209-тармаққа "Республикалық бюджеттік бағдарламалардың екінші әкімшісіне бөлінген лимиттердің есебінен мемлекеттік мекемелердің шығыстарына арналған бюджеттен қаржыландыру" 233 қосалқы шоты енгізілсін.

81. Мынадай мазмұндағы 210-1-тармақпен толықтырылсын:

"210-1. "Республикалық бюджеттік бағдарламалардың екінші әкімшісіне бөлінген лимиттердің есебінен мемлекеттік мекемелердің шығыстарына арналған бюджеттен қаржыландыру" 233 қосалқы шотында республикалық бюджеттік бағдарламалардың екінші әкімшісінен республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі алған қаржыландыру көрсетіледі.

Осы шот бойынша талдама есеп 292-а-н. карточкаларында (292-н. кітабында) жү р г і з і л е д і . "

82. 213-тармақтың екінші азатжолындағы "204 "Сыртқы заемдар есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша шығыстар" деген сөздер "099 "Сыртқы заемдар есебінен жобалар бойынша шығыстарға арналған ашық лимиттер" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

83. 214-тармақ "Арнаулы мақсаттағы қорлар мен қаржылар" 24 шоты " Сыртқы заемдар" 249 қосалқы шотымен толықтырылсын.

8 4 . 2 1 7 - т а р м а қ т а :

1) қосалқы шоттың атауындағы "Банктің" деген сөз алып тасталсын;

2) мынадай мазмұндағы төртінші азатжолмен толықтырылсын:

"Бұдан басқа, бұл шотта шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіру үшін жергілікті бюджеттерден жергілікті атқарушы органдарға берілетін сомалар көрсетіледі, берілген кредиттердің сомалары 248 қосалқы шотының кредиті және "Шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіруге алынған қаражаттар бойынша есеп айырысулар" 175 қосалқы шотының дебеті бойынша есепке алынады. Қаражаттар берілген қарыз ақшаларды өтеуге түскен кезде 175 қосалқы шот кредиттеледі және 100 қосалқы шот дебеттеледі, бір мезгілде 148 қосалқы шоттың дебеті және 100 қосалқы шоттың кредиті бойынша екінші жазба ж а с а л а д ы . " ;

3) төртінші азатжол бесінші азатжол деп саналсын, осы азатжолдағы "оларға көрсетілген", "мен банктердің" деген сөздер алып тасталсын.

85. Мынадай мазмұндағы 217-1-тармақпен толықтырылсын:

"217-1. "Сыртқы заемдар" 249 қосалқы шотында қайтарымдық негізде Заем туралы келісімге сәйкес жобаларды қаржыландыру үшін алынған заемдардың сомалары есепке алынады. Алынған заемдардың сомалары 249 қосалқы шотының кредиті және "Сыртқы заемдар бойынша арнаулы шот" 113 қосалқы шотының дебеті бойынша көрсетіледі.

Тиісті жобаны қаржыландыру үшін бөлінген заемдарды өтеу мерзімі жеткен кезде төлем тапсырысының және оның мемлекеттік бюджеттің кірісіне аударылғандығын растайтын басқа да құжаттардың негізінде заемды өтеу сомасына "Сыртқы заемдар" 249 қосалқы шотының дебеті және "Сыртқы заемдар есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша шығыстар" 204 қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

249 қосалқы шот бойынша талдама есеп заемдардың және оларды ұсынған донор-банктердің түрлері бойынша 283-н. көп бағанды карточкаларында жү р г і з і л е д і . " .

8 6 . 2 2 4 - т а р м а қ т а :

1) бірінші азатжолдағы ", сондай-ақ келісім-шарт бойынша ғылыми- зерттеу жұмыстарын сату" деген сөздер алып тасталсын;

2) "282 "Келісім-шарт бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын сату" қосалқы ш о т ы а л ы п т а с т а л с ы н .

8 7 . 2 2 7 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н .

8 8 . 2 2 8 - т а р м а қ т а :

1) "Арнаулы қаржылар бойынша кірістер" 400 қосалқы шотының атауындағы "Арнаулы қаржылар бойынша" деген сөздер "Ақылы қызмет көрсетуді сатудан түскен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) "Кәсіби-техникалық мектептердің өндірістік қызметінен түскен кірістер" 402 қосалқы шоты алып тасталсын.

89. 229-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақылы қызмет көрсетуді сатудан түскен кірістер" 400 қосалқы шотында" ақылы қызмет көрсетуден, өнімдерді сатудан, жұмыстарды орындаудан немесе Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес мемлекеттік мекемелердің иелігінде қалатын өзге қызметтерді жүзеге асырудан алынатын кірістер есепке алынады және бюджет бойынша бөлінген қаражаттардан басқа белгілі бір мақсаттарға арналып жұмсалуды мүмкін.

Ақылы қызмет көрсетуді сатудан түскен қаражаттарға Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес мемлекеттік мекемелердің ақылы қызмет көрсетуінен түскен түсімдер жатады.

Ақылы қызмет көрсетуден түсетін кірістер қолма-қол ақшасыз есеп айырысу арқылы түсуі, сондай-ақ ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттарға арналған шоттарға кейінірек есептеу үшін мемлекеттік мекемелердің кассасына немесе банктердің филиалдарына (бөлімшелеріне) енгізілуі мүмкін.

Қолма-қол ақшаларды мемлекеттік мекемелердің кассасына қабылдау кассалық кіріс ордері немесе белгіленген тәртіпте ресімделген квитанциялар бойынша жүргізіледі.

Ақылы қызмет көрсетуден түсетін кірістерді сол сияқты бұл мемлекеттік мекеме бойынша бұйрықпен жүктелген тұлға қабылдай алады. Мұндай жағдайда қолма-қол ақшаларды қабылдау квитанциялары 10-н. бойынша жүргізіледі. Қабылданған ақшалар оларды қабылдау күнінен бастап үш банктік күннен кешіктірілмей ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттарға арналған шотқа тапсырылуы керек. Бұл қаражаттарды оларды ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттарға арналған шотқа алдын-ала тапсырмай жұмсауға рұқсат етілмейді.

400 қосалқы шоттың кредитіне ақылы қызмет көрсетуден түсетін кірістердің сомалары жазылады, бұл ретте 17 шотының тиісті қосалқы шоттары немесе 111, 120-қосалқы шоттары дебеттеледі.

Бұдан басқа, 400 қосалқы шоттың кредитіне оқу-өндірістік шеберханалардың қызметінен түскен кірістердің сомалары мен оқушылардың өндірістік практикасынан түскен қаражаттар жазылады, бұл орайда 280 немесе 153 қосалқы шот дебеттеледі.

080, 081 қосалқы шоттар қолданылмайтын қосалқы шаруашылықтарда 400 қосалқы шоттың кредитіне дайындалған бұйымдар мен өнімдердің құны жазылады, бұл орайда 03, 031 қосалқы шоттар дебеттеледі.

400 қосалқы шоттың дебетіне:

қызмет көрсетуді сатудан алынған қаражаттар бойынша жыл ішінде жұмсалған шығыстар (211 қосалқы шоттың кредитінен);

бюджет кірісіне аударылған сомалар (111 қосалқы шоттың кредитінен);

мемлекеттік мекеменің есебінен қабылданған үмітсіз борыштар мен

жетіспеушіліктердің сомалары жазылады, бұл ретте материалдар мен есеп айырысулардың тиісті қосалқы шоттары кредиттеледі.

Кірістерді есептеу жөніндегі операциялардың есебі жинақтаушы ведомоста 409-н. (14 мемориалдық ордер) жүргізіледі.

Кірістердің талдама есебі қызмет көрсетуден түсетін қаражаттардың әрбір түрі бойынша 297-б-н. кітабында жүргізіледі, ал орталықтандырылған бухгалтерияларда есеп әрбір қызмет етілетін мемлекеттік мекеме бойынша жүргізіледі. Кірістердің есебі көп бағанды карточкаларда 283-н. жүзеге асырылуы мүмкін."

90. 230-тармақ алып тасталсын.

91. 233-тармақта:

"Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті жарналар" 12 баланстан

тысқары шоттың атауындағы "міндетті" деген сөзден кейін "зейнетақы" деген сөзбен толықтырылсын;

осы шот бойынша азатжолдың мәтініндегі "аударылған" деген сөз "есептелген" деген сөзбен ауыстырылсын.

92. "Негізгі бухгалтерлік операциялар бойынша қосалқы шоттардың хабарламасы" N 2-қосымшадағы:

1) 23-тармақта "дебет бойынша" бағанындағы 082 қосалқы шот алып тасталсын;

2) 24, 25, 59, 79, 85, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 147, 148, 151, 152, 159, 167-тармақтар алып тасталсын;

3) мынадай мазмұндағы 35-1-тармақ енгізілсін: "Өтеусіз алынған материалдарды кіріске алу", дебет бойынша "060-067, 069", кредит бойынша 140, 230";

4) 50-тармақта:

"және келісім-шарт бойынша ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарды орындау жөніндегі";

"-082" деген сандар ", 081" деген сандармен ауыстырылсын;

5) 51-тармақта:

операциялардың мазмұны мынадай редакцияда жазылсын: "Өнімдерді өндіруге арналған материалдарды қоймадан беру";

"-082" деген сандар ", 081" деген сандармен ауыстырылсын;

"044" деген сандар алып тасталсын;

6) 52-тармақта:

"044" деген сандар алып тасталсын;

"-082" деген сандар ", 081" деген сандармен ауыстырылсын;

7) 53, 54 және 56-тармақтарда:

"-082" деген сандар ", 081" деген сандармен ауыстырылсын;

8) 54-тармақтағы "мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға жарналар" деген сөздер "әлеуметтік қамсыздандыруға арналған алым" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 61.1-тармақта "кредит бойынша" деген бағанындағы "239" деген сандар "249" деген сандармен ауыстырылсын;

10) мынадай мазмұндағы жолдармен 61-3-тармақ енгізілсін:

" Мыналардың :

"республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің", дебет бойынша бағанда "092", кредит бойынша бағанда "233",

"ведомстволық бағынысты мекемелердің", дебет бойынша бағанда "092", кредит бойынша бағанда "141" бюджеттік шотына тиісті рұқсат бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалардың екінші әкімшісіне бөлінген лимиттердің есебінен қаржыландырудың түсуі;

11) 75-тармақтағы "Тапсырыстар бойынша бюджеттен тыс шоттарға" деген сөздер "Демеушілік және қайырымдылық көмекке" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 76-тармақтағы "Тапсырыстарды орындауға" деген сөздер "Демеушілік және қайырымдылық көмекке" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 77-тармақтағы "тапсырыс бойынша сомалардың бюджеттен тыс шоттарға" деген сөздер "демеушілік және қайырымдылық көмекке" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 81 және 82-тармақтардағы "Тапсырмалар бойынша сомаларды бюджеттен тыс шоттан" деген сөздер "Демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған ағымдағы шоттан" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 83-тармақтағы операциялардың мазмұны мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттарға арналған ағымдағы шоттарға бұйымдар мен өнімдерді сатудан сомалардың түсуі";

16) 84-тармақтағы "арнайы қаржы бойынша бюджеттен тыс шоттарға" деген сөздер "ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттарға арналған ағымдағы шотқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 87-тармақтағы "Арнайы қаражаттар" деген сөздер "Ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 88-тармақтағы "арнайы қаражаттар бойынша бюджеттен тыс шоттарға" деген сөздер "ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттарға арналған ағымдағы шот" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 89-тармақтағы "және бюджеттен тыс қаражаттардың" деген сөздер "

қаражаттардың және ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттарға арналған ағымдағы шотқа, демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған ағымдағы шотқа және депозиттік шотқа түскен сомалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) мынадай мазмұндағы 100-1-тармақ енгізілсін:

"Екінші мемлекеттік мекеме-республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне бөлінген лимиттердің есебінен ведомстволық бағыныстағы мекемелерде жұмсалған шығыстардың қорытынды айналымдарымен есептен шығару", дебет бойынша бағанда - "141", кредит бойынша бағанда - "201";

21) мынадай мазмұндағы 102-1, 102-2 және 102-3-тармақтар енгізілсін:

"102-1. Аяқталмаған құрылыс объектілерін (үйлерді және ғимараттарды) бір мемлекеттік мекеменің иелігінен екінші мекеменің иелігіне беру (күрделі құрылыс жоспарларын, қаржыландыруды және жобалық-сметалық құжаттарды бере отырып) жөніндегі есеп айырысулар, дебет бойынша бағанда - "231", кредит бойынша бағанда - "150".

Бір мезгілде дебет бойынша бағанда - "150", кредит бойынша бағанда - "203" екінші жазба жүргізіледі.

102-2. Аяқталмаған құрылыс объектілерін беру актісі бойынша бір мемлекеттік мекеменің балансынан екіншісінің балансына қабылдау дебет бойынша - "150", кредиті бойынша - "231" бағанда.

102-3. Мемлекеттік мекеменің балансына қабылданған берілген аяқталмаған құрылыс объектілері бойынша шығындар дебет бойынша - "203", кредит бойынша - "150" бағанда;

22) 106-тармақта:

"оқу орындарының бюджеттен тыс шоттарына" деген сөздер "ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттарға арналған шотқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

"112" деген сандар "111" деген сандармен ауыстырылсын;

23) 107-тармақтағы кредит бойынша "402" деген сандар алып тасталсын;

24) 115-тармақтағы "Міндетті медициналық сақтандыру қорына жарналарды" деген сөздер "Әлеуметтік салықты" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 116-тармақтағы "Міндетті медициналық сақтандыру қорына қаражаттарды" деген сөздер "Әлеуметтік салықты" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 120-тармақтағы "082" деген сандар алып тасталсын;

27) 122-тармақтағы "044" деген сандар алып тасталсын;

28) 124-тармақтағы "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының" деген сөздер "Әлеуметтік қамсыздандыруға арналған алымның" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

29) 125-тармақтағы "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына жарналар"

деген сөздер "Әлеуметтік қамсыздандыруға арналған алымды" деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 126-тармақтағы "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына жарналарды" деген сөздер "Әлеуметтік қамсыздандыруға арналған алымды" деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 127-тармақтағы "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының" деген сөздер "Әлеуметтік қамсыздандыруға арналған алым" деген сөздермен ауыстырылсын;

32) 135-тармақта:

"бюджеттен тыс қаржылар бойынша қаражаттардың бюджеттен тыс шоттарға "

деген сөздер "ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттарға арналған шотқа, демеушілік және қайырымдылық көмекке арналған шотқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

"112" деген сандар "110, 111" деген сандармен ауыстырылсын;

33) 139-тармақтағы кредит бойынша бағанда "092" деген санмен толықтырылсын;

34) 140-тармақтағы "жоспарлы" деген сөз "аванстық" деген сөзбен ауыстырылсын;

35) 149, 150-тармақтардағы "198/2" деген сандар "198" деген сандармен ауыстырылсын;

36) 152.1, 152.2-тармақтардағы деген сандар "198/1, 199" деген сандар алып тасталсын;

37) 154-тармақ операциялардың мазмұнындағы "Мемлекеттік қызметшілерді " деген сөздің алдынан "Әскери қызметшілерді және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін мемлекеттік міндетті дербес сақтандыру, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

38) 155-тармақтың операциялардың мазмұнындағы "және" деген сөзден кейін "әскери қызметшілерді және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін мемлекеттік міндетті дербес сақтандыру, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

39) мынадай мазмұндағы 161-1-тармақ енгізілсін:

"Республикалық бюджеттік бағдарламалардың екінші әкімшісіне бөлінген

лимиттердің есебінен республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жұмсаған шығыстарын қорытынды айналымдармен есептен шығару" "233" қосалқы шоттың дебеті бойынша бағанда, "201" қосалқы шоттың кредиті бойынша бағанда ;

40) 162.1-тармақтың "Кредит бойынша қосалқы шоттардың нөмірлері" бағанындағы 204 қосалқы шот 099 қосалқы шотпен ауыстырылсын;

41) 171-тармақтағы "арнайы қаражаттар бойынша бюджеттен тыс шоттардан" деген сөздер "ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттарға арналған шоттан";

42) мынадай мазмұндағы 171-1-тармақпен толықтырылсын:

"171-1 Жобаны Келісімге сәйкес қайтарымдық негізде қаржыландыруға арналған сыртқы заемды алу "113" дебет бойынша, "249" кредит бойынша";

43) 175-тармақтағы "арнайы қаражаттар бойынша бюджеттен тыс шоттардан" деген сөздер "ақылы қызмет көрсетуден түсетін қаражаттарға арналған ағымдағы шоттан" деген сөздермен ауыстырылсын;

44) 176-тармақтағы "арнаулы қаражаттары бойынша сметаның есебінен" деген сөздер "ақылы қызмет көрсетуден алынатын қаражаттар бойынша кірістер мен шығыстар сметаларының есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын.

93. "Мемориалдық ордерлер-жинақтаушы ведомостар" N 3 қосымшасында:

1) "5 мемориалдық ордер" 405-нысанында:

"Уақытша жұмысқа жарамсыздығы жөнінде жәрдемақы есептелді" деген жолда "жарамсыздығы жөнінде" деген сөздерден кейін ", жүкті болуы және бала туу жөнінде" деген сөздермен толықтырылсын;

"Уақытша жұмысқа жарамсыздығы жөнінде жәрдемақы есептелді" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдар енгізілсін:

"Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары есептелді", "Қосалқы шоттың дебеті" бағанына қосалқы шоттың: "200" нөмірі енгізілсін, "Қосалқы шоттың кредиті" бағанына қосалқы шоттың: "180" нөмірі енгізілсін;

" " ", "Қосалқы шоттың дебеті" бағанына қосалқы шоттың: "211" нөмірі енгізілсін, "Қосалқы шоттың кредиті" бағанына қосалқы шоттың: "180" нөмірі енгізілсін ;

"Есептелген зейнетақы жарналарының әрбір жеке тұлғаның табысынан ұсталғаны", "Қосалқы шоттың дебеті" бағанына қосалқы шоттың: "180" нөмірі енгізілсін, "Қосалқы шоттың кредиті" бағанына қосалқы шоттың: "198" нөмірі енгізілсін ;

"Зейнетақыларды төлеу жөніндегі Мем. Орт. жарналар", "Жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары есептелді", "Міндетті медициналық сақтандыру қорына жарналар есептелді", "Жұмыспен қамту қорына жарналар есептелді" деген сөздер алып тасталсын;

"Қосалқы шоттың дебеті" бағанында бұл жолдар бойынша тиісінше "200, 211,

200, 211, 200, 211, 200, 211" қосалқы шоттарының нөмірлері алып тасталсын;
"Қосалқы шоттың кредиті" бағанында бұл жолдар бойынша тиісінше "198/1,
198/1, 198/2, 198/2, 159, 159, 199, 199" қосалқы шоттарының нөмірлері алып
т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы жолдар енгізілсін:

"Әлеуметтік салық есептелді", "Қосалқы шоттың дебеті" бағанына "200, 211",
"Қосалқы шоттың кредиті" бағанына "159";

"Әлеуметтік қамсыздандыруға арналған алым есептелді", "Қосалқы шоттың
дебеті" бағанына "200, 211", "Қосалқы шоттың кредиті" бағанына "171";

405 - ны с а н н ы ң а р т қ ы б е т і н е :

1-бағандағы "Арнайы қаражаттардың түрлері" деген сөздер "Ақылы қызмет

көрсетуді сатудан түсетін қаражаттардың түрлері" деген сөздермен
ауыстырылсын;

25-бағанның атауы "Әлеуметтік қамсыздандыруға арналған алым есептелді"
деген сөздермен ауыстырылсын;

26-бағанның атауы "Әлеуметтік салық есептелді" деген сөздермен
ауыстырылсын;

27, 28-бағандардың атаулары алып тасталсын;

2) 408-нысанда мемориалдық ордердің атауындағы "жоспарлы" деген сөз
"аванстық" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 409-нысанда "14 мемориалдық ордер" мемориалдық ордердің атауындағы
"Арнаулы табыстар бойынша" деген сөздер "Ақылы қызмет көрсетуді сатудан
түсетін" деген сөздермен ауыстырылсын.

Оқығандар:

Умбетова А.М.

Нарбаев Е.А.